

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Әскери өмір, әскери училищелер жайында әнгімелерЖАРИЯЛАНДЫ
21.10.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/61808/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тақырыбы: Тақырыбы: Әскери өмір, әскери училищелер жайында әнгімелер

Күні: 25.11.2018

Әскери-патриоттық тәрбиенің мақсаттары. Әскери- патриоттық тәрбие – мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің және ұйымдардың жастарда жоғары патриоттық түйсікті өз Отанына шын берілу, өзінің азаматтық парызын орындауға дайын болуды құруға бағытталған көп жоспарлы, жүйелі, мақсаты іс – әрекет.

Әскери - патриоттық тәрбиенің мақсаты – жастарда азаматтылық патриоттылықты дамыту. Оларда өмірдің әр саласында керекті белсенді көрінулерді құру.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін келесі негізгі міндеттерді орындау талабы орын алады:

- жастардың санасында және сезімінде патриоттық құндылықтарды, көзқарасын және сенімдерін, Қазақстанның мәдени және тарихи өткеніне ілтипат мемлекеттік, әсіресе әскери қызметтік деңгейін келтіруді бекіту;
- жастарда Отанға шын берілудің дамуын қамтамасыз ететін тиімді, жеке әскери – патриоттың жүйе құру;
- әскери – қызметтік тәрбие жүйесінің тұтас қызмет ету есерін қамтамасыз ететін оның ішінде ҚР Қарулы күштер қатарында қызмет етіп жатқандарда қамтамасыз ететін механизм құру.

Әскери-патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаттары жастарды өз отанының адал патриоты болуға тәрбиелеу . Бүгінгі жастар отанымыздың келешегі,

сондықтан олармен санасу, пікірін тыңдау қоғамға белсене араласуына көмектесуіміз қажет болып саналады.

Әскери патриоттық тәрбиенің негізгі алатын қоғамдағы ролі ерекше болып саналады.

Жастарды өзінің еліне деген сүйініспеншілікке тәрбиелеу, патриоттық тұрғыда ерекше болып саналуы мүмкін.

Патриоттық тәрбиенің негізгі мақсаты мен міндеттері қоғамыздағы өзгерістердің барлығына жастардың араласуына бірдей ықпал жасау, оған негізінде мектеп жасынан отанға деген сүйініспеншіліктерін артыруы қажет ол дегеніңіз патриоттық тәрбие негізін түсіндіру болып табылады.

Жастардың патриот деген сөзге мағанасын нақты түсіндіру үшін оларға жиі ардагерлермен кездесу өткізу әртүрлі патриоттық тұрғыда жарыстар өткізу қоғаммен тікелей байланыстыру біздің мақсатымыз болуы тиіс.

Әскери-патриоттық тәрбиенің міндеттері. Әскери-патриоттық тәрбие міндеттері жастардың көзқарасын қоғамдағы күнделікті өзгерістермен айқындалуы қажет соған бейімделуі керек.

Патриоттық тәрбиенің өзінің халқына деген үйініспеншілікті мектеп ұжымында тәрбиелік мәні мен айқындалуы керек. Тәрбие жалпы жас жеткіншектерге отбасынан басталуы қажет. Отбасылық тәрбие жастарға қоғамға тез араласуына ықпалын зор тигізеді.

Әскери патриоттық тәрбиенің негізгі ықпалы жастарға отанының адал болуына патриоттық сезімін тудыратын, өзінің қоғамға бір ықпалын тидіретіне қуаныштылығын туғызуы тиіс. Қоғамдағы өзгерістер жастарға да ықпалын тигізеді себебі, жастар қазіргі уақытта қағамның белді бір мүшесі болып табылады. Жастардың қазіргі патриоттық тәрбиенің мақсат мен міндеттеріне саналы көз қараспен қарайды ол дегеніңіз өзінің отанына деген сүйініспеншілігін бар екенін айқында берілуі болып табылады.

Отанға деген сүйініспеншіліктің жастардың бойына табылуы ол дегеніңіз үлкен құрметтің белгісі болуы тиіс. Әскери патриоттық тәрбиенің негізгі алатын орны қоғамыздың жаңаруына өзінің қандайда бір ықпалын тигізеді. Бұл дегеніңіз қоғамдағы қандайда болсын өзгерістер жастардың ықпалы мен болып жатқанын дәлелдейді. Әскери патриоттық тәрбиеде жастарға әскердің не екенін жалпы мағлұмат алатындай олардың әскери ойындарға араласуы, отан соғысының ардагерлермен кездесу өткізуі бейне фильмдер көрсету соның бір дәлелі бола алады.

Патриоттық тәрбие қашанда жас жеткіншектерге өзінің халқына деген

сүйінспеншілігін артуына зор ықпал етуі тиіс. Отан қорғау бойынша эмоционалды, күш-жігерлілік қатынас, оның адалдығы, Отан қорғау туралы балалардың білімінің қалыптасу жүйесі Әскери-патриоттық тәрбиенің барлық түрлерін қолдана білгенде ғана тәрбиелік нәтиже беретіні ескерілуі қажет. Мұғалімнің міндеті мұндай жағдайда жоғары эмоцияға, кіші оқушылардың тез қабылдауына сүйене отырып, оларға ҚР Қарулы Күштерінің ерлік тарихтарымен ҚР Әскерінің және Әскери-теңіз флотының жауынгерлерін мақтанышпен айта отырып, болашақта солардың қатарына болғысы келетін сезімін дамыта білу.

Төменгі мектепті бітіріп, оқушылар Қарулы Күштер туралы кең мағлұматта болады. Армия мен флот біздің Отанымызды, халқымыздың бейбіт еңбегін, тыныштық өмірін қорғайды. Ұлы Отан соғыс кезінде неміс фашист басқыншыларымен біздің жауынгерлер, біздің еліміздің тәуелсіздігі мен еркіндігіне, бейбіт өмір мен бақыт үшін күресті. Фашистер біздің жерді иелену үшін соғыс ашты. Кеңес жауынгерлері батыр, жігерлі, күшті, олар біздің елімізді қырағылықпен күзетті.

Әскери-патриоттық тәрбиелеуде жастарға жас ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөлген: кіші, орта, жоғары буын болып бөлінген. Кіші мектеп жасындағы балалар өздерінің ең бірінші қоғамдық ұйымға мүше бола алады. Бұл жастағы балалар әскери спорттық ойындарға белсене араласады.

Қарулы күштердің, халықтың жауынгерлік еңбек қағидаларын, өткен және қазіргі кездегі болашақтағы, оның ерлік тарихы, Отан туралы білімін терендетіп, қоғамдық-саяси көзқарасын кеңейтуге атсалысады. Әскери-теңіз флотына және Армия жауынгерлеріне жақсы көзқарасы ескеріліп, балаларға мұғалім оқудан тыс, сабақ кезінде оқушыларды жігерлікке қасиетті жауынгерге қажетті тәртіпті, батырлыққа, шешіді болуға, ауыртпалықты жеңіп шығуға талаптануға, психологиялық және дене жүктемелеріне шыңдауға, керекті істі орындауға даярлыққа мұғалім тапсырған тапсырманы орындауға дайындау. Әскери — патриоттық шараларды ұжымдық ұйымдастыруда оқушыларға ұжым алдында жауапкершілікке, өзіне және жолдастарына талап қоя алуға, бір-біріне көмек жасаудың маңызын, тапсырылған істі аяқтау сезіміне тәрбиелеу. Кіші мектеп жасындағы оқушыларға патриоттық сипаттағы ойындар маңызды екенін айта кетуге болады. Бала ойын ережесін қатал сақтай отырып, командир, старшина, тыңшы, байланысшы, белгі беруші тағы да сондай-ақ рольдерде ойнағанды жақсы көреді. Бұндай ұйымдасқан, кейде аяқасты болған ойындар құнды маңызға ие. Мұғалім сонымен бірге болашақ жауынгерлердің міндеттерін орындаудың маңызын үйрете отырып оқушыларға күнделікті өмірде, тек қана ойында емес тәртіпке тәрбиелеуге қамқорлық жасайды.

Әскери-патриоттық тәрбие беруде жан ұяның ролі зор. Кіші жастағы оқушылар армия және флот ардагерлері, Ұлы Отан соғысына қатысқан туған-

туыстарының өмірбаянымен танысып, мемлекеттік марапатауларға яғни наградаға деген дұрыс көзқарасы қалыптасады. Мектептің педагогика ұжымы оқушылардың әскери ойындарын ұйымдастыруда ата-аналар алыс жерлерге, мысалы: саңырауқұлақ жинауға, балалармен жаяу баруға, немесе балық аулау, далада өнім жинауға, саяхатқа бірге қонып белсенді араласа алады. Сонымен қатар балаларды жергілікті жерлерді айыруға, кедергілерден өтуге үйрету қажет. Мұғалімдер ата-аналарға барлық туындаған сұрақтарына кеңес береді.

Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруде шефтік көрсетулер үлкен жұмыс атқарады.

Шефтік етушілер күнделікті күндерде де оқушыларды ұмытпайды, балалармен қызықты әңгіме жүргізеді, өзінің қызметі туралы көптеген әңгімелер айтады. Бірақ ең басты күшті сынып жетекшілерімен бірге жас достардың өте жақсы оқуына бағыттайды. Әр сыныпта жеке жәрдем штабы құрылады. Оған оқу озаттары енеді. Штабтың міндеті артта қалушыларға жүйелі көмек көрсету, жалпы мектепте, сабақты тәртіптің сақталуын қадағалайды. Балаларға шынайы әсер беретіндіктен штаб өзінің қабырға газетін шығарады. Демалыс күндері де вожатылардың да жұмысы тоқтатылмайды.

Әрбір демалыс күнін балалар өзінің шефтері мен қызықты да айдалы өткізеді: бірге кинофильмдерді көреді оны талдайды, батыр қалалардың тарихи орындырына бірге барады. Осылайша, мұғалімдер мен вожатый- теңізшілердің шебер біріккен жұмысы арқасында балалардың өмірі маңызды, әр қилы да қызықты бола түседі. Олардың психикалық даму кезеңдерімен ерекшеліктері әскери- патриоттық тәрбиелеу үшін өте жайлы жағдай жасайды. Оларда тадауға қажеттілік туындап, деректермен шынайы құбылыстарды жалпылап, өздерін қоршағандарға өз көзқарасы, адамгершілік кеталаптары мен бақылау қалыптаса бастайды. Жеткіншек шақта басты жаңа туындайтын сезім, ол өзінересек санау. Жасөспірімдерде, қызушылықтары тұрақты, әрқилы, өзін қоршағандарға қатысты қызметпен байланысты, барлық қоғамдық- пайдалы еңбектерге қатысу қажеттілігі айқын білінеді, Сондықтан әскери патриоттық тәрбие осыған байланысты оларда жоғары қызушылықты тудырады. Жасөспірімдерді Отанын қорғауға даярлауды қалыптастыру объективті және субъективті жағдайларды туындатады. Объективті жағдайлардың ішінде оқушылар әр түрлі әскери патриоттық тәрбиелеуде мектепте ұйымдастырылған шараларға қатысуы үлкен мәнге ие. Келешек Отан қорғаушыларды жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін оқу үрдісі негізгі орында. Оқушылар әр түрлі ғылым негіздерімен таныса бастайды, ол әлеуметтік шынайы құбылыстарды өзіне қатысты жаңа түсініктермен қорытындап, шеберлікпен меңгеруіне әсерін тигізеді. Осы жастағы оқушылар үшін дене тәрбиесі, қоғамтану- математика пәндері, гуманитарлық циклдағы пәндердің маңызы ерекше.

Бұл кезеңде оқушылар әскери түсініктітерең түсіне отырып, «Отан қорғау», «Қазақстандық жауынгер» және т.б. біздің мемлекетіміздің экономикалық күшінің негізі Отанымыздың қорғаныс күші мен оның қарулы күшінде екенін айқын түсіне бастайды.

Біздің Отанымыздыңқорғаныс күшін күшейту қажеттілігі идеясы Қазақстан Республикасының әр азаматының қызметі мен жағдайына байланысты екенінжасөспірімнің санасына қоғамдық жұмыстар мен оқудың мәні арқылы жетелейтіні ене бастайды.

Отансүйгіш сезім жасөспірімдерде ерлікке ұмтылыс, жеңуге құмарлық, өз-өзіне талап қойғыштық, өз қатарластар арасында ұжымда өз орнын табу, олардың сеніміне ие болу, өзіне жоғары талап қойып ұжымның талабына бағыт беру, зор әлеументік белсенділік қалыптасып дами бастайды. Жастарды өз отанын сүйгіштікке тәрбиелеу оқушылардың барлық алдыңғы қатарлы жақтаушылар нағыз отан сүйгіш патриоттар, олар Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлерімен достық қарым – қатынасты ұстап, еңбек және соғыс ардагерлерімен кездесіп тұрады, туған өлкесіне саяхатқа шығып, барлық іздеу жұмыстарына араласып белсенділік көрсетеді. Әртүрлі жарыстарға, әскери- спорт ойындарына қатысып, үлкен таласпен әскери-техникалық моделдеумен айналысады, әскери техника, әртүрлі әскери белгілерді айыру, әр әскери топтардың киім түрлері мен тарихымен танысады. Оларды жер бетіндегі мәселелер, әділеттілік пен теңсіздік мазалайды. Жер бетінде ешқашанда соғыс болмағанын қалаймын барлық жерде теңдік болса. Барлық елдің халықтарының балалары бақытты өмір сүргенін қалаймын- сен нені көп армандайсың деген сұраққа көпшілігінің жауабы осылайша.

Оқушылардың талабы мен арманына жету үшін мұғалімдермен, ата-аналармен, тереңдеп, дамып, белсенді шынайы сипат алуы өте маңызды. Бұл үшін жеткіншектерге олардың мүмкіншіліктеріне сенімен қараған жөн.

Үлкендерден оның талаптарынан кейбіреулеріндекерісінше қатынас қалыптасады. Сондықтан, мұғалім осыны байқағанда оқушының белсенділігіне, талабын марапаттауы маңызды.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.